

 сақтандыру компаниясы ВИКТОРИЯ страховая компания	«Виктория» СК» АҚ Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	24 беттен 1-ші бет
--	---	--	-----------------------

БЕКІТІЛДІ
«Виктория» СК» АҚ
Директорлар кеңесі
2024 жылдың «28» ақпандағы
№ 07 Хаттама

«ВИКТОРИЯ» СК» АҚ **АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ** **ЕРЕЖЕСІ**

Алматы қ., 2024 жыл

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ.....	5
3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ.....	6
4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ.....	7
5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ.....	8
6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ	9
7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ЖЕРІ.....	12
8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ	12
9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	13
10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ.....	16
11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ	16
12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ	18
13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ.....	20
14. САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	22
15. ҚОСЫМША ШАРТТАР	22

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл Азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру ережесі (бұдан әрі – «Ереже») Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2000 жылғы 18-желтоқсандағы №126-ІІ «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және ерікті сақтандыру саласында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді, оны жүргізудің экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.

1.2. Азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру – 12.07.22 жылғы № 138-VІІ Заңның 6-бабының 3-тармағының 9), 10), 11), 11-1) және 11-2) тармақшаларында, осы «Виктория» СК» АҚ (бұдан әрі – Сақтандырушы) Ережесінің шарттарында көрсетілген сақтандыру санаптарымен өтелетін тәуекелдерді қоспағанда, барлық тәуекелдерді сақтандыру салдарынан оны өтеуге міндетті сақтанушы келтірген залалды толығымен немесе ішінара өтеу мөлшерінде үшінші тұлғаларға сақтандыру төлемдерін өтеуді қарастыратын сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді, 2000 жылғы 18-желтоқсандағы № 126 «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2-тарауының 6-бабының 1-тармағының 9)-11) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, нақты өндірістік-шаруашылық қызмет атқаратын заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан) немесе әрекет қабілеті бар жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтанушы) Азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шартын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасау арқылы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыруды жүзеге асырады.

1.3. Егер Сақтандыру шарты заңды тұлғамен жасалған болса, онда сақтандыру қорғанысы Сақтанушыға да, оның жұмыскерлеріне де қолданылады. Сақтанушы – заңды тұлға Сақтандыру шартында соларға қатысты сақтандыру жүзеге асырылып жатқан басқа да заңды және жеке тұлғаларды көрсетуге құқылы.

Егер Сақтандыру шарты жеке тұлғамен жасалған болса, онда Сақтанушы Сақтандыру шартында көрсеткен тұлғалардың ғана, сондай-ақ Сақтанушының өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған болып табылады.

1.4. Сақтанушы Сақтандыру шартында Сақтандырылушылар ретінде басқа үшінші тұлғаларды да көрсетуге құқылы.

1.5. Сақтанушының нақты қажеттіліктеріне қарай, Сақтандыру шартында осы Ереженің шарттарына сай келмейтін басқа шарттар белгіленуі де мүмкін. Сақтандыру шартының талаптары Ереженің шарттарына сәйкес келмеген кезде Сақтандыру шартының талаптары қолданылады.

1.6. Осы Ережеде қолданылатын негізгі түсініктер:

- 1) Сақтандыру ережелері – сақтандыру ұйымының сақтандырудың осы түрі (сыныбы) бойынша сақтандыруды жүзеге асыру шарттарын айқындайтын құжат;
- 2) Сақтандыру шарты – Сақтандыру ережесімен белгіленетін шарттармен Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасалған Шарт, сол Шартқа сәйкес Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді;
- 3) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын дәлірек айтқанда сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе соның пайдасына Сақтандыру шарты жасалған басқа тұлғаға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сома (сақтандыру сомасы) көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндетті тұлға. Сақтандырушы – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығы туралы лицензиясы бар заңды тұлға болуы тиіс;
- 4) Сақтанушы – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасаған тұлға;
- 5) Сақтандырылушы – соған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

- 6) Пайда алушы – Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
- 7) сақтандыру сомасы – сақтандыру объекті сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 8) франшиза – сақтандыру шартымен қарастырылған Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден азат ету жағдайы. Франшиза шартты (азайтылмайтын) және шартсыз (азайтылатын) болып келеді. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден азат етіледі, бірақ залалды толығымен өтеуі тиіс, егер оның мөлшері ол сомадан көп болса. Шартсыз франшиза кезінде залал белгіленген соманы шегере отырып, барлық жағдайда өтеледі;
- 9) сақтандыру сыйлықақысы – Сақтандырушы сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру сомасын төлеу міндеттемесін өзіне алғаны үшін Сақтанушы төлеуге міндетті ақша сомасы;
- 10) сақтандыру жағдайы – сол оқиғаның басталуынан Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін төлеуді қарастыратын оқиға;
- 11) сақтандыру төлемі – Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің көлемінде Сақтанушыға (Пайда алушыға) төлейтін ақша сомасы;
- 12) Сақтанушының өтініші – Сақтанушының сақтандыру объектісі мен тәуекел сипаты сипатталған, басқа шарттармен қатар, белгіленген сақтандыру объектісінің орналасқан жері, құны, күй-жайы, сақтау немесе пайдалану тәртібі, техникалық дайындығы, сондай-ақ сапалық сипаттамалары туралы мәліметтер қамтылған жазбаша рәсімделген құжаты;
- 13) азаматтық (азаматтық-құқықтық) жауапкершілік – тұлғаның өз міндеттемелерін орындамауынан немесе лайықты орындамауынан басқа тұлғаның субъективті құқықтарын бұзумен байланысты туындаған азаматтық құқық нормаларымен белгіленген заңдық салдар. Шарттық жауапкершілік – сақтандыру шарты бойынша өз міндеттерін орындамаған немесе лайықты орындамаған жағдайда, шарттан тыс жауапкершілік – барлық басқа жағдайларда;
- 14) сақтандыру қорғанысы – Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталуының нәтижесінде сақтандырылған мүліктің жойылуы, зақымдануы немесе жоғалуы салдарынан Сақтанушының мүлдіктік мүддесіне келген залалды өтеу міндеттемесі;
- 15) сақтандырылған тәуекелдер – Сақтандыру шартында көрсетілген, ықтималдық және кездейсоқтық белгілері бар, кенеттен басталуының салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіруі мүмкін болжалды оқиғалар;
- 16) үшінші тұлға (жәбірленуші) – Сақтанушының өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыруы нәтижесінде соның өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келген тұлға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтеу міндеті Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) жүктелген. Үшінші тұлғаларға сақтанушының өзі, оның жұмыскерлері, сондай-ақ Сақтанушының атынан әрекет ететін жеке және заңды тұлғалар;
- 17) аса қажеттілік күй-жайында келтірген зиян – бұл зиян келтірушінің немесе басқа тұлғалардың өміріне, денсаулығына, құқықтарына және заңды мүдделеріне төндірген қауіпті жою әрекеттері, егер ол қауіпті аталған жағдаяттарда басқа құралдармен жою мүмкін болмаған болса. Аса қажеттілік күй-жайда келтірген зиян аса қажеттілік шегінен асып кеткен жағдайда өтеледі. Аса қажеттілік шегінен асу деп төндірген қауіптің сипаты мен дәрежесіне және құқықпен қорғалатын мүдделерге алдын алған зиянмен салыстырғанда соған тең немесе одан көп зиян келген қауіп жойылған жағдайға сәйкес келмейтін зиян түсініледі;
- 18) Пайда алушының қасақана зиян келтіруі – Пайда алушы жасаған, залалдың басталу ықтималы сондай әрекеттер үшін жауапты тұлғаның тарапынан едәуір үлкен ықтималдықпен күтілетін немесе жүзеге асуына саналы түрде жол берілетін әрекеттер (әрекетсіздік). Мысалы, тұтынушының сол салада маман емес адамдарға техникалық немесе басқа да көмек сұрап жүгінуі, техникалық тұрғыдан қиын заттардағы зауыт қойған пломбаларды тұтынушының өзі

ашуы, техникалық тұрғыдан қиын заттардағы конструктивтік элементтерді, детальдарды, блоктады тұтынушының өзі немесе маман емес адамдардың көмегімен ашып алуы немесе ауыстыруы;

19) жұмыскер – жұмысын еңбек Келісімшартының (өзарашарттың) негізінде, сондай-ақ азаматтық-құқықтық Келісімшарт бойынша орындайтын, бұл орайда, ол жұмыс берушінің тапсырмасымен және қауіпсіз жұмыс жүргізуін бақылауымен әрекет етіп жатқан немесе әрекет етуі тиіс тұлға;

20) тәуелсіз сарапшы – (интеллектуалдық меншік объектілерін, материалдық емес активтерді қоспағанда) мүлікті бағалау бойынша бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау бойынша уәкілетті мемлекеттік органдар белгілеген тәртіпке сәйкес сол орган тіркеуге алған жеке немесе заңды тұлға;

21) екі жақты (көп жақты) сақтандыру – бір объектіні әр Сақтандырушымен дербес Шарттар бойынша бірнеше Сақтандырушыда сақтандыру.

1.7. Сақтанушының құқыққа қайшы мүдделері сақтандыруға жатпайды.

1.8. Сақтандыру шарты бойынша әрі Сақтанушының, әрі сондай жауапкершілік жүктелуі мүмкін басқа тұлғаның (Сақтандырылушының) азаматтық жауапкершілік тәуекелі сақтандырылуы мүмкін. Егер Сақтандыру шартында немесе заңда басқалай қарастырылмаған болса, Сақтандырылушының мүлік мүддесі – сақтандыру объектісі болып табылған жағдайда, Ереженің Сақтанушының құқықтары мен міндеттеріне тікелей немесе жанама түрде қатысты барлық шарттары теңдей дәрежеде Сақтандырылушыға да қолданылады.

1.9. Сақтандыру шартындағы (сақтандыру полисіндегі) Сақтанушының немесе оның өкілінің қолы – оның осы Ережемен толығымен келіскенін растайды.

1.10. Сақтанушының осы Ережеде және Сақтандыру шартында көрсетілген міндеттері Сақтандырылушыға да, Пайда алушыға да теңдей дәрежеде қолданылады. Сақтандырылушының немесе Пайда алушының өз міндеттерін орындамауы, оларды Сақтанушы орындамаған жағдайдағы салдарға әкеп соқтырады.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

2.1. Сақтанушының (Сақтандырылушының) жүзеге асырып жатқан қызметінің нәтижесінде оның үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне, сондай-ақ қоршаған ортаға келтірген зиянды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүддесі – сақтандыру объектісі болып табылады.

2.2. 2000 жылғы 18-желтоқсандағы №126 «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 2-тарауының 1-тармақшасының 9)-11) тармақшаларында көзделген қызметті қоспағанда, заңды және жеке тұлғалардың жүзеге асырып жатқан қызметінің нәтижесінде оның үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірген зиянды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген өтеу міндетіне байланысты азаматтық-құқықтық жауапкершілігін (бұдан әрі мәтін бойынша - АҚЖ) сақтандыру – Сақтандыру шартының мәні болып табылады.

2.3. Осы Ережеге сәйкес Сақтандырушы Сақтанушымен әрқилы жауапкершілік түрлерін, оның ішінде төменде көрсетілгендерді сақтандыру шарттарын жасауға құқылы:

- 1) жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- 2) қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- 3) Шарттарға қатысты міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру (Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершілік);
- 4) кәсіби қызмет көрсеткені (жұмыстар) үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;

- 5) жұмыскердің өміріне және денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- 6) өнімнің (қызметтің) сапасы үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;
- 7) көріністік іс-шараларды ұйымдастырушылардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- 8) Кеден және Салық органдарының алдындағы міндеттемелері бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру және т.б.

2.4. Кәсіби қызмет көрсету (жұмыстар атқару) үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру белгілі бір кәсіптегі тұлғаларға қатысты қамтамасыз етіледі: сәулетшілер, медицина қызметкерлері, адвокаттар, заңгерлер, күзетшілер, сақтандыру және биржалық брокерлер және т.б.

2.5. осы Ереженің 2.3. тармағында көрсетілген жауапкершілік түрлері бойынша Сақтандыру шарттары жасалатын тәртіп пен шарттар жекелеген сақтандыру бағдарламаларымен реттелуі мүмкін.

2.6. Осы Ережеге сәйкес жасалған Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе Сақтандыру шарты соның пайдасына жасалаған басқа тұлғаға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін төлейді.

2.7. Сақтанушының (Сақтандырылушының) төменде көрсетілген жағдайлардың нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіргені үшін жауапкершілігіне байланысты мүліктік мүддесі сақтандыру объектісі болып табылмайды:

- 1) әуеде ұшатын, жермен жүретін және сумен жүретін көлік құралының кез-келген түріне иелік ету (меншік иесі ретінде), басқару және пайдалану;
- 2) Сақтанушының көлік құралын жолаушыларды тасымалдау мақсатында пайдалануы (тасымалдаушының жауапкершілігі);
- 3) жаппай көріністі іс-шараларды, салтанатты қабылдауларды және т.с.с. өткізу, егер ол қызмет Сақтанушының негізгі қызметіне жатпайтын болса және соған тікелей қатысты болмаса;
- 4) аңшылық шараларын жүргізу.

2.8. Егер басқа елдердің аумағында орын алған сақтандыру жағдайлары сақтандырумен өтеліп жатса және Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, келесідей шарттар қолданылады:

- 1) сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының валютасы – теңгемен жүзеге асырылады;
- 2) Сақтандырушының шотынан сақтандыру төлемдерінің сомасы шығынға жазылған сәттен бастап Сақтандырушының міндеттемелері орындалған болып саналады;
- 3) Сақтандырушы ақша қаражаттарын айырбастауға және Қазақстан Республикасынан тыс елдерге аударуға байланысты шығындарды өтемейді.

2.9. Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде әскери қимылдар болып жатқан елдердің, жекелеген әкімшілік-аумақтық құрылымдардың немесе аудандардың аумағында (соғыс жарияланған ба, жоқ па, оған қарамастан) ешқандай жағдайда да сақтандыру қорғанысы қолданылмайды.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

3.1. Сақтандыру сомасының мөлшері Тараптардың келісімімен Сақтандыру шартында белгіленеді.

3.2. Сақтандыру сомасы Сақтандырушының Сақтандыру сомасы бойынша жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді. Бұл ретте, Сақтандыру шартының талаптарымен келесілер қарастырылуы мүмкін:

- 1) жауапкершіліктің жиынтық шекті көлемі (жалпы сақтандыру сомасы) – мұндай жағдайда барлық сақтандыру жағдайлары бойынша барлық сақтандыру төлемінің сомасы Сақтандыру шартының бүкіл қолданыс кезеңі үшін сол көлемнен артпауы тиіс;
- 2) бір немесе бірнеше сақтандыру жағдайлары бойынша жауапкершіліктің шекті көлемі;

 САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ ВИКТОРИЯ СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ	«Виктория» СК» АҚ Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	24 беттен 7-ші бет
---	---	---	-----------------------

3) сақтандырумен өтелетін бір немесе бірнеше сақтандыру тәуекелдері бойынша жауапкершіліктің шекті көлемі;

4) Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемінің басқа түрлері.

3.3. Шарт (өзара шарт) бойынша жауапкершілікті сақтандыру кезінде сақтандыру сомасы Сақтандыру шартын жасау сәтінде Сақтанушының Шарт (өзара шарт) бойынша міндеттемелерін ақшалай бағалаудан айқындалатын сақтандыру құнынан, сондай-ақ Сақтанушының Шарттық міндеттемелерін орындамауының (лайықты орындамауының) нәтижесінде контрагенттің шығыстарының ықтимал көлемінен аспауы тиіс. Сақтандыру сомасы Қазақстан Республикасының валютасы – теңгемен көрсетіледі.

3.4. Сақтандырушының Сақтанушы алдындағы жауапкершілік көлемі әрқандай да жағдайда сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауы тиіс. Сақтандыру сомасы мөлшерінен асатын сомадағы залалды Сақтанушы өз есебінен өтейді.

3.5. Сақтандыру шартын жасау кезінде франшиза белгіленуі мүмкін, оның мөлшері мен түрі Сақтандыру шартында белгіленеді. Франшиза (шартсыз немесе шартты) тараптардың келісімімен не сақтандыру сомасына шаққандағы пайызбен, не болмаса абсолютті мөлшерде белгіленеді.

4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

4.1. Сақтандыру шарты бойынша төлеу тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісі мен сипаттамасын ескере отырып, сақтандыру сомасынан ұсталатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін айқындайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі. Сақтандыру сыйлықақылары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен төленеді. Қазақстан Республикасының аумағында шетел валютасымен есептесу жағдайлары, тәртібі және шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

4.2. Сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасы белгіленеді. Сақтандыру шартында (полисте) әр сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру сыйлықақысы белгіленуі мүмкін.

4.3. Сақтандырушы төленуі тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін анықтау кезінде тәуекел факторларына: қызмет түріне, объектілердің жабдықтарына, күзет шараларына және т.с.с. қарай айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне шаққандағы арттырылатын және төмендетілетін коэффициенттер пайдаланылады.

4.4. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын біржолғы төлеммен немесе мерзімдік сақтандыру жарналары түрінде бөліп-бөліп, қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз түрде төлеуі тиіс.

4.5. Сақтандыру шарты бір жылдан аз мерзімге жасалуы мүмкін. Бұл орайда сақтандыру сыйлықақыларының келесідей мөлшерлері белгіленеді:

Сақтандыру мерзімі	Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері жылдық сақтандыру сыйлықақысының %% -мен
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0

10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам мерзімге	100,0

4.6. Егер сақтандыру жағдайы кезекті сақтандыру жарнасы кешіктіріп, сақтандыру жарнасын төлегенге дейін (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда) басталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін белгілеу кезінде сақтандыру төлемінен төленбеген сақтандыру жарнасының сомасын шегеріп қалуға құқылы.

4.7. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзу мерзімін сақтамай-ақ оны бұзуға құқылы. Мұндай Сақтандыру шарты бұзылғаннан кейін Сақтанушы бір ай ішінде сақтандыру төлемін төлесе, Шарт қайта қалына келтірілуі мүмкін.

4.8. Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлемеуіне байланысты Сақтандырушының Сақтандыру шартын бұзуы – Сақтанушының сақтандыру қорғанысы қолданылған және Сақтандырушы өз міндеттемелері бойынша Сақтанушының алдында жауапты болуы тиіс болған кезең үшін сақтандыру сыйлықақысын төлеуден босатпайды.

5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

5.1. Сақтанушының (Сақтандырылушының) үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін белгілеу факті және Сақтанушы (Сақтандырылушы) жүзеге асырып жатқан қызметтің нәтижесінде үшінші тұлғалардың мүлкіне мүддесіне келтірілген зиянды Сақтанушының заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде өтеу міндеті немесе Сақтанушының өз кінәсін Сақтандырушының жазбаша келісімімен ерікті түрде мойындауы – сақтандыру жағдайы болып табылады.

5.2. Осы Ережеге сәйкес Сақтанушы Сақтандыру шарты бойынша үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірген зиянды, сондай-ақ қоршаған ортаға келтірген зиянды өтеу міндетіне байланысты өз жауапкершілігін сақтандыруына болады.

5.3. Шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша Сақтанушының жауапкершігін сақтандыру шартына сәйкес Азаматтық-құқықтық шарт бойынша міндеттемелерін орындамау (лайықты орындамау) салдарынан келтірген зиян үшін залалды өтеу қарастырылады.

5.4. Жұмыс беруші (жалдаушы) ретінде Сақтанушының жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша өздерінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жұмыскерлердің өміріне және денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыскердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде оның өмірі мен денсаулығына зиян келгені үшін залалды өтеу қарастырылады.

5.5. Өндірушінің немесе сатушының жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша ол өндіріп (сатып) жатқан өнімдерді (тауарларды, қызметтерді) пайдаланудың салдарынан келген зиян үшін Сақтанушы (Сақтандырылушы) өндіріп (сатып) жатқан тауарларды (қызметтерді) пайдалану (тұтыну) нәтижесінде өмірге, денсаулыққа немесе мүлікке келген зиянды өтеу қарастырылады.

5.6. Кәсіби жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы (Сақтандырылушы) өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында жол берілген абайсызда жасалған және әдейі жасалмаған әрекеттерінің нәтижесінде клиенттерге (пациенттерге және т.с.с.) келтірілген материалдық залалды өтеу қарастырылады.

5.7. Мемлекеттік органдардың (кеден, салық және т.б. органдардың) алдындағы жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының (Сақтандырылушының) міндеттемелерін орындамауға (лайықты орындамауға) әкеп соқтырған оқиғалар және соған байланысты орындалмаған міндеттемелер көлемінде тиісті төлемдерді (алымдарды, баждарды) төлеу міндеті – сақтандыру жағдайы деп танылады.

	«Виктория» СК» АҚ Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	24 беттен 9-ші бет
---	---	--	-------------------------------

5.8. Көріністі іс-шаралардың ұйымдастырушылардың жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының көріністі іс-шараларды ұйымдастыру кезінде әдейі жасалмаған әрекеттерінің нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиян үшін материалдық залалды өтеу қарастырылады.

5.9. Жәбірленушіге зиян келтірудің салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша Сақтанушының жауапкершілігінің басталу факті – төмендегідей жағдаяттарда сақтандыру жағдайы деп танылады:

- 1) Сақтандыру шартынның қолданысы кезеңінде және Сақтандыру шартында айтылған аумақта жасалған, соның салдарынан үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян келтірген заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік);
- 2) зиянды өтеу туралы талап Сақтанушыға Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде қойылған немесе егер дау сот тәртібінде шешілетін болатын болса, зиянды өтеу туралы талап-арызды жәбірленуші сотқа Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде берілген;
- 3) Сақтанушының (оның жұмыскерлерінің әрекеттерінде қаскөйлік немесе өрескел абайсыздық белгілері жоқ.

Қаскөйлік – адам саналы түрде білгендікпен және заңсыз салдардың туындауына тырысқандықпен сипатталады.

Өрескел абайсыздық – адам өз міндеттерін орындау кезінде бүкіл мүмкіндіктері бола тұра, қажет мөлшерде мұқияттылық, ұқыптылық, қамқорлық, көрегендік танытпаумен және олардың бұзылуына алып келумен сипатталады

Жұмыскерлер деп еңбек Келісімшартының (өзара шарттың) негізінде жұмыс атқарып жатқан адамдар; сонымен қатар, егер олар Сақтанушының тапсырмасы бойынша және жұмыстарды қауіпсіз түрде жүргізуі үшін соның бақылауында әрекет еткен немесе әрекет етулері тиіс болса, азаматтық-құқықтық Шарт бойынша жұмыс атқарып жатқан адамдар.

5.10. Бір себептің салдарынан туындаған оқиғалардың дәйекті түрде (немесе бір уақытта) әсер етуінің нәтижесінде бірнеше тұлғаға зиян келтіру – бір сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылады. Сондай оқиғалардың салдарынан берілген зиянды өтеу туралы талаптардың барлығы Сақтанушыға қатысты сол талаптардың алғашқысы қойылған сәтте жасалған болып саналады.

5.11. Сақтанушының зиян келуге әкеп соқтырған әрекеті (әрекетсіздігі) әдейі жасалған әрекет (әрекетсіздік) болмауы тиіс.

5.12. Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайлары ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да оқиғалар қарастырылуы мүмкін.

5.13. Сақтандыру өтемі тек қана мүліктік зиян үшін жауапкершілікке қолданылады және моральдық зиян үшін жауапкершілікті өтемейді.

5.14. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ соның салдарынан келген залалдарды дәлелдеу міндеті Сақтанушыға жүктеледі.

6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

6.1. Егер оқиғалар төменде келтірілген жағдайлардың нәтижесінде орын алған болса, олар сақтандыру жағдайлары деп танылмайды және сақтандыру төлемдері төленбейді:

- 1) түрлі әскери әрекеттер немесе әскери іс-шаралар және солардың салдары, зымырандармен, снарядтармен, бомбалармен, басқа да қарулармен, соғыс құралдарымен зиян келтіру немесе жою және әскери операцияларды жүргізу, қарақшылық әрекеттер, сондай-ақ азаматтық соғыстың, халық толқуының, көтерілістердің, бүліктің, жаппай тәртіпсіздіктер мен ереуілдердің салдары;
- 2) иондалған сәулелердің, радиациялардың немесе радиоактивті материалдармен, ядролық отынмен немесе радиоактивті қалдықтармен ластанудың тікелей немесе жанама әсер етуі, сондай-ақ ядролық жарылыстың тікелей немесе жанама әсер етуі;

3) қандай да бір ұйымның атынан немесе мүддесінде әрекет ететін тұлға немесе тұлғалар тобы жасаған және сактандыру нысанының бұзылуына немесе зақымдануына әкеп соқтырған террористік актілер;

4) саяси тәуекелдер;

5) адамның иммунодефицит вирусымен (АҚТҚ-инфекциямен) жанданатын инфекциялар;

6) адам қанының негізінде жасалған фармацевтикалық дәрілерді өндіру немесе пайдалану;

7) өсімдіктерді қорғау құралдарын пайдалану немесе солардың әсері;

8) Сактанушының немесе оның өкілінің сактандыру жағдайының басталуына әкеп соқтырған заңнамадан немесе мемлекеттік органдардың ұйғарымдарынан, сондай-ақ тапсырыс берушінің жазбаша нұсқауларынан немесе шарттарынан қасақана жалтаруы, сондай-ақ егер Сактанушының немесе оның жұмыскерлерінің сактандыру жағдайының басталуына әкеп соқтыратын әрекеттерді жасауы немесе жасалуына жол беруі (Сактанушы өндіретін немесе жеткізетін өнімдердің ақаулары, зиянды және қауіпті қасиеттері қаскөйлікке теңеледі);

9) Сактанушының (Сактандырылған тұлғаның, Пайда алушының) немесе оның өкілдерінің сактандыру жағдайының басталуына бағытталған немесе сактандыру жағдайының басталуына себеп болатын қасақана әрекеттері (қажетті қорғану немесе аса қажеттілік жағдайында және басқа да ерекше жағдайларда жасалған әрекеттерді қоспағанда);

10) құзырлы органдар Сактанушының немесе оның өкілінің қылмыстық қимылдардың белгісі бар деп таныған әрекеттері немесе әрекетсіздігі және интоксикация, алкогольдік немесе есірткімен елту күйінде жасалған кез келген әрекеттер;

11) пайдаланудың нормативтік мерзімінен асыра пайдаланылған құрылымдардың, жабдықтардың, материалдардың тозуы;

12) Сактанушының Қазақстан Республикасының заңнамасының нормалары мен талаптарын бұзуы;

13) асбестінің, асбест ұнтағының, диоксиннің, диэтилстиролдың, формальдегидтің және сипаттамалары, әсер ету немесе әрекеті бойынша салыстырылатын басқа заттардың әрекеті;

14) ген-инженерлік жұмыстар жүргізілетін немесе гендік инженерияның көмегімен ағзаларды (өнімдерді) шығаруға байланысты жабдықтарды немесе құрылыстарды өндіру;

15) генетикалық өзгерістер;

16) электромагниттік өрістің әсері;

17) есірткілік немесе елітуші заттарды өндіру, қайта жасау (өңдеу), сондай-ақ сату;

18) шартта сактандыру өтемінен шығару ретінде қарастырылған басқа жағдайлардың әсері.

6.2. Сактандыру арқылы қорғау келесі жағдайлардың салдарынан туындаған талаптарға таралмайды:

1) Сактандыру шартын жасағанға дейін туындаған және Сактандырушының тәуекелді сактандыруға қабылдау немесе қабылдамау туралы шешіміне ықпал етуі мүмкін және Сактандырушы білген немесе білуі тиіс болған, бірақ ол жөнінде Сактандырушыға хабарламаған жағдайлардың күшіне енуі;

2) Сактанушының Сактандырушымен келісілген мерзім ішінде тәуекел дәрежесінен едәуір асатын жағдайларды түзетпеуі, егер Сактандырушы жалпыға қабылданған нормаларға сәйкес сондай түзету қажеттілігін көрсеткен болса. Мұндай жағдайларға кез келген жағдайда залалдың басталуына себеп болған жағдайлар жатады;

3) Сактанушының онымен жасаған Шарттар, өзара шарттар, келісімдер бойынша өз міндеттемелерін орындамауы, оған негізгі шарт бойынша көрсетілмеген қызметтердің орнына атқарылатын қосымша қызметтерді, сондай-ақ заңға сәйкес міндеттемелерін (мысалы, салық төлеу бойынша) немесе Сактанушы мәміле сипатындағы ауызша келісімнің негізінде өзіне алған міндеттемелерді (мысалы қарыз өтеу бойынша міндеттемелер) орындамауын қоса;

4) Сактанушының немесе оның жұмыскерлерінің қылмыстық жаза тартатын (заң бұзушылық) әрекеттерді қасақана жасауы немесе жасалуына жол беруі.

	«Виктория» СК» АҚ Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	24 беттен 11-ші бет
---	---	--	----------------------------

6.3. Егер Сақтандыру шартында басқалай айтылмаған болса, сақтандыру қорғанысы келесілерге қолданылмайды:

- 1) Сақтанушының жұмыскерлерінің залалды өтеу туралы кез келген талаптары;
- 2) Сақтанушының мәртебесінен немесе Сақтанушының лауазымды тұлға, директор, басқарма мүшесі, сыйланатын немесе тағайындалатын лауазымды атқарушы ретіндегі қызметінің сипатынан туындайтын жауапкершілік;
- 3) өнім үшін жауапкершілік;
- 4) Сақтанушының қызметі шеңберінде (өнім шығару, жөндеу, қызмет көрсету және т.б.) Сақтанушы немесе оның жұмыскерлерінің тарапынан өңделетін, қайта жасалатын немесе басқаша түрде әсер ететін заттардан келген кез келген залалдар;
- 5) Сақтанушының мүлкіне, оның ішінде жалға алынған, лизинг бойынша пайдаланылатын, басқа мердігерлер тарапынан тартылған немесе басқаша түрде соның қарауында немесе бақылауында болған мүліктеріне келген залал;
- 6) бос тұрудан келген залал, оған ұрланудың, мүліктің жоғалуының салдарынан бос тұрудан келген залалды немесе өзге инвентарлық залалды қоса, сондай-ақ жабдықты пайдалану уақытша мүмкін болмауынан келген залал;
- 7) қоршаған табиғи ортаға әсер етуге байланысты тікелей немесе жанама түрде келген зиян, сондай-ақ зиянды заттарды бағалау, бақылау, тексеру, өңдеу, бейтараптандыру немесе жою бойынша Сақтанушыға берілген үкіметтік және басқа нұсқауларды, жарлықтарды, талаптарды орындаудың салдары болып табылатын залалдар, шығыстар, шығындар.

6.4. Ешқандай да жағдайда сақтандыру арқылы қорғау келесі талаптарға қолданылмайды:

- 1) сақтандыру сомасынан асатын залалды өтеу туралы кез келген талаптар, Сақтандыру шартында қарастырылған Сақтандырушының жауапкершілігінің белгіленген лимиттері;
- 2) сақтандыру аумағынан тыс жерде келген зиянды өтеу туралы талап;
- 3) Сақтандыру шартында басқа шарттар арнайы қарастырылмаған болса, спорттық жарыстарға қатысу кезінде немесе сол жарыстарға дайындық барысында алған зиянның өтеу туралы кез келген талап;
- 4) ластандыратын заттардың нормадан асатын мөлшерде тоқтаусыз шығарылуы;
- 5) газдардың, булардың, сәулелердің, сұйықтықтардың, жауынның, оған бықсықты, түтінді, шаңды және басқа да атмосфералық жауынды және бөлінулерді қоса, тұрақты және ұзақ уақыт әсер етуінің салдары болып табылатын зиянды өтеу туралы (егер залал кенеттен басталса, ол ұзақ уақыт әсер еткен болып саналмайды);
- 6) Сақтанушы өзімен бірге тұрып жатқан туыстарына келтірген зиянды өтеу туралы. Туыстарға: жұбайы, ата-анасы және балалары (оның ішінде асырап алған), өгей әке (өгей ана), өгей бала (өгей қыз), әже (ата), немере, бауырлар (әпке-қарындас), жұбайының ата-анасы және отбасылық туысқандыққа немесе заң бойынша туысқандыққа қарай ұзақ уақыттан бері ата-ана және балалар (тәрбиеленушілер, қамқоршылар және т.б.) ретінде жақын қатынаста болғандар жатады;
- 7) теңселулердің (тербелулердің), қадалы жұмыстардың, жердің шөгуінің, сондай-ақ бұзудың немесе жарылыстың нәтижесінде жерге, ғимараттарға немесе өзге құрылыстарға келген залалды өтеу туралы;
- 8) авторлық құқықтарды, оған тіркелген сауда, фирмалық немесе тауарлық белгілерді, нышандарды және атауларды қоса бұзуға байланысты келген залалды өтеу туралы;
- 9) абырой мен қадір-қасиетін қорғау туралы, сонымен қатар шындыққа жанаспайтын және заңды және жеке тұлғалардың мәртебесіне залал келтіретін мәліметтерді, оның ішінде тауарлардың немесе қызметтердің сапасы туралы жалған ақпаратты таратудан келген зиянды өтеу туралы талаптар;
- 10) өндіріс немесе жеткізу барысына байланысты туындаған себептер бойынша Сақтандырушы (немесе соның тапсырысы бойынша немесе соның есебінен үшінші тұлғалар) өндіретін немесе

	«Виктория» СК» АҚ Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	24 беттен 12-ші бет
---	--	--	---------------------

жеткізетін мүлікке (өнімге) немесе жұмыстарға тікелей келген зияндарды өтеу туралы талаптар; кепілдік және ұқсас міндеттемелерге немесе Кепілдік шартына байланысты талаптар;

11) моральдық залал және жәбірленген үшінші тұлғалардың жоғалтқан пайдасы;

12) айыппұлдар және (немесе) кез келген әкімшілік өндіріп алу шаралары және санкциялар.

6.5. Егер сақтандыру жағдайы Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себептік байланысты бар қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық әрекеттер деп танылған әрекеттерінің салдарынан орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толығымен немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.

6.6. Сақтандырушының осы Ережеде көзделген себептер бойынша Сақтанушыға сақтандыру төлемін төлеуден азат ету бір мезгілде Сақтандырушыны Пайда алушыға сақтандыру төлемін төлеуден де азат етеді.

6.7. Дауды сақтандыру омбудсманы реттеген жағдайда, Сақтанушы (Сақтандырылушы) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын басқа тұлға) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте және шарттармен сотта Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жөнінде дауласуы мүмкін.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ЖЕРІ

7.1. Сақтандыру шарты он екі ай мерзімге жасалады. Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шарты он екі айдан аз мерзімге де жасалуы мүмкін.

7.2. Сақтандыру қорғанысы сақтандыру сыйлықақысын (немесе оның алғашқы жарнасын) Сақтандырушының шотына немесе кассасына қолма-қол ақшамен келіп түскен күннің ертесі күнгі сағат 00:00-ден бастап қолданылуды бастайды, бірақ Сақтандыру шартына қол қойған күннен бұрын емес.

7.3. Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін төлеген кезде Сақтандыру шарты өз қолданысын тоқтатпайды, ал сақтандыру қорғанысы сақтандыру шартының қолданыс мерзімінің аяғына дейін Сақтандыру шартымен қарастырылған сақтандыру сомасы мен франшиза туралы шартты қолдануды ескере отырып төленген сақтандыру төлемінің мөлшері арасындағы айырмашылыққа тең сақтандыру сомасының мөлшерінде өз күшін сақтайды.

7.4. Тараптардың бірі Сақтандыру шартының қолданысы тоқтайтын күннен 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын екінші Тарапқа хабарлаған және сақтандыру сыйлықақысы төленген жағдайда, Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шарты келесі мерзімге ұзартылуы мүмкін.

7.5. Сақтандыру өтемінің аумағы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі. Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шартының географиялық шегі әрі кеңейтілуі, әрі тарылтуы мүмкін. Әрқандай жағдайда да сақтандыру өтемінің аумағы Сақтандыру шартында және/немесе Сақтанушыға берілген сақтандыру полисінде көрсетіледі.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

8.1. Сақтандыру шарттары Сақтандырушы белгілеген нысанда толтырылған және Сақтандыру шартының құрамдас және ажыратылмас бөлігі болып табылатын Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде жасалады. Өтінішті толтыру кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға өзінің өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты құжаттарды көрсетуге, Сақтанушының қызметіне қатысты сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және сақтандыру жағдайынан келетін ықтимал залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар өзіне белгілі барлық жағдаяттар туралы хабарлауға міндетті. Сақтанушы өзі берген мәліметтердің шынайылығы үшін жауапты болады.

8.2. Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушы өндірісті қарап тексеруге және Сақтанушының (Сақтандырылушының) жауапкершілігі сақтандыруға жататын қызметімен танысуға құқылы.

8.3. Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде сақтанушы шұғыл түрде, бірақ үш күннен кешіктірмей, сақтандыру тәуекеліндегі барлық маңызды өзгерістер туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға міндетті, мысалы: қызметің, өндірістік циклының және т.б. өзгергені туралы.

8.4. Сақтандыру шартын жасағаннан кейін Сақтанушының тәуекел дәрежесін асыруға әкеп соқтыратын әрекеттер жасауға құқығы жоқ.

8.5. Егер ол өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына едәуір әсер етуі мүмкін болса, Сақтандыру шартының қолданыс кезеңі ішінде Сақтанушы Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушыға хабарлаған мән-жайларда орын алған және өзіне белгілі болған маңызды өзгерістер туралы шұғыл түрде Сақтандырушыға хабарлайды.

8.6. Сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын мән-жайлар туралы хабарлама алған Сақтандырушы Сақтандыру шартының ережелерін өзгертуді немесе тәуекелдің артуына тең мөлшерде қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

8.7. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл орайда, Сақтандырушы жұмсаған шығындар мен сақтандыру сыйлықақысының сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең мөлшердегі бөлігін шегере отырып, сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушыға қайтарады.

8.8. Егер сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын мән-жайлар жойылған болса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

8.9. Сақтанушы Сақтандыру шартында көзделген міндеттерін орындамаған жағдайда Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және Сақтандыру шартын бұзуға байланысты келген залалдарды өтеуді талап етуге, егер сақтандыру жағдайы басталған болса, сақтандыру төлемін толығымен немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.

8.10. Сақтандыру шартын жоғалтқан кезде Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде оған Сақтандыру шартының дубликатын беруге міндетті. Сақтандыру шартының бланкісін дайындау және оның дубликатын рәсімдеу үшін шығындарды Сақтанушы өтейді, бұл орайда өтелетін шығындардың жалпы сомасы өтініш берілген күнгі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген 0,5 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

8.11. Сақтандырушы Сақтандыру шартының қолданысы мерзімінің ішінде Сақтанушы хабарлаған мәліметтердің шынайылығын, сондай-ақ сақтандыру тәуекелінің күй-жайы тексеруге құқылы.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, кез келген уақытта сақтандыру шартынан бас;
- 3) сақтандыру төлемін Ережеде және Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде уақытылы алуға немесе оның Пайда алушыға төленуіне;
- 4) Сақтандырушымен келісіп, Сақтандыру шартына өзгертулер енгізуге;
- 5) егер Қазақстан Республикасының заңымен және сақтандыру шартымен басқалай көзделмеген болса, сақтандыру шартынан бас тартуға.
- 6) Сақтандырушымен келісіп, сондай-ақ, егер Сақтандыру шартында қарастырылған болса, Пайда алушының да келісімімен Пайда алушыны немесе Сақтандырылған тұлғаны ауыстыруға;
- 7) Сақтандыру шартын жоғалтқан кезде оның дубликатын алуға;

- 8) Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуына сот тәртібінде шағым беруге;
- 9) сақтандыру жағдайлары туындаған кезде өз мүдделерін тиісті органдарда қорғау үшін Сақтандырушының өкіліне құқық беруге.

9.2. Сақтанушы міндетті:

- 1) осы Шартты жасаған кезде сақтандыру жағдайының ықтималдығын және оның басталуынан келетін болжалды шығындардың мөлшерін анықтау үшін маңызы бар өзіне белгілі барлық жағдайлар туралы, сондай-ақ сақтандыру мақсаты үшін қажет Сақтандырушыны қызықтыратын өзге де мәліметтерді Сақтандырушыға хабарлауға;
- 2) сақтандыру сыйлықақысын Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге;
- 3) Шарттың әрекет ету кезеңінде осы сақтандыру нысанына қатысты қолданылатын басқа жасалған немесе жасалатын Сақтандыру шарты туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 4) Сақтандырушының талабы бойынша сақтандыру нысаны туралы барлық мәліметтерді Сақтандырушыға беруге;
- 5) Сақтандыру шартының әрекет ету кезеңінде тәуекел дәрежесінің артуына байланысты барлық елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға жедел түрде, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға;
- 6) сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
- 7) сақтандыру жағдайларының алдын алу үшін барлық мүмкін болған және дұрыс шараларды қолдануға, сондай-ақ белгіленген және жалпыға қабылданған қауіпсіздік ережелері мен нормаларын сақтауға;
- 8) Сақтандырушының талабы бойынша сақтандыру жағдайына байланысты мәліметтерді, оның ішінде коммерциялық құпияны қамтитын мәліметтерді соған хабарлауға.

Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы тармақта көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы.

9.3. Сақтандыру шартында Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

9.4. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға;
- 2) егер сақтандыру жағдайы Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттерінің салдарынан болса, сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға;
- 3) Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру сыйлықақысын уақытылы алуға;
- 4) егер сақтандыру жағдайының басталу ықтималын және оның басталуынан келетін болжалды залалдың (сақтандыру тәуекелінің) мөлшерін анықтау үшін елеулі мәні бар жағдайлар Сақтандырушыға белгілі болмаса және белгілі болмауы тиіс болса, Сақтанушыдан сол жағдайлар туралы мәліметтер алуға (елеулі мәліметтер өтініште белгіленеді);
- 5) сақтандыру тәуекелін бағалауға;
- 6) Сақтанушы хабарлаған ақпаратты, сақтандыру нысанының сипаттамасына сәйкес келуін тексеруге, сондай-ақ Сақтанушыдан (Сақтандырылған тұлғадан) Сақтандыру шартының талаптары мен шарттарын орындауды талап етуге;
- 7) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақытылы хабарламаға;
- 8) сақтандыру жағдайы басталғанының құжатпен растамасын;
- 9) Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған жағдайларда Сақтанушы өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

10) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғалардың себептері мен жағдайларын өзі дербес анықтауға;

11) қажет жағдайда сақтандыру жағдайының басталу факті мен себептерін растайтын тиісті құжаттар мен ақпараттарды беру туралы құзырлы органдарға сауалхат жіберуге;

12) Сақтанушының әділетсіз іс-қимылдарының белгілері анықталған (айқындалған) кезде Сақтанушыға «Пайда алушыға» сақтандыру төлемін төлеуді уақытша тоқтату туралы хабарлама жіберіп, уақытша тоқтатқан күннің ертесі күнінен бастап тиісті тексеріс жүргізу туралы көрсетіп, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес сақтандыру төлемін 30 (отыз) күнтізбелік күнге дейін уақытша тоқтатуға;

13) сақтандыру жағдайының басталуы үшін кінәлі тұлғаға кері талап қою құқығын беруге;

14) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің арту жағдайлары туралы белгілі болған жағдайда Шарттың шарттарын өзгертуді немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын артқан сақтандыру тәуекеліне тең мөлшерде төлеуді талап етуге. Сақтанушы одан бас тартқан жағдайда Шарт Сақтандырушының шығындарын ұстап қалу арқылы бұзылуы мүмкін;

15) Сақтандыру шартында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға.

9.5. Сақтандырушы міндетті:

1) Сақтанушыны Сақтандыру ережелерімен таныстыруға, Сақтанушыға сақтандыру шарттарын, оның сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

2) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 15-2. Бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші абзацына сәйкес өзінің дербес Интернет-ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың Интернет ресурсын пайдалану кезінде қамтамасыз етуге Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыру кезінде дербес деректерді қорғауды.

3) тәуекелді сақтандыруға қабылдау туралы оң шешім қабылданған жағдайда Сақтанушымен Сақтандыру шартын рәсімдеуге;

4) егер Сақтандыру шартында басқа шарттар тікелей ескерілмеген болса, Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған мерзімдерде сақтандыру төлемін төлеу немесе сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдауға және тиісті сақтандыру актің бекітуге;

5) қажет жағдайларда сақтандыру актің жасау кезінде залдардың себептерін және көлемін анықтау үшін мамандарды (сарапшыларды) шақыруға;

6) сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылданған кезде сақтандыру төлемін Пайда алушыға Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған тәртіпте, мөлшерде және мерзімдерде төлеуге;

7) егер Сақтандыру шартында басқа шарттар ескерілмеген болса, сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылданған кезде ол жайында Сақтанушыға Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған мерзімдерде бас тарту себептерін уәжді түрде негіздеу арқылы жазбаша түрде хабарлауға;

8) сақтандыру жағдайы кезінде Сақтанушы (сақтандырылған тұлға) залалдарды азайту үшін жұмсаған шығындарды өтеуге;

9) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге.

9.6. Сақтандыру шартында Сақтандырушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

9.7. Пайда алушы құқылы:

1) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

2) Сақтанушының орнына сақтандыру төлемін төлеу үшін қажет құжаттарды жинауға және оларды Сақтанушы Сақтандыру шартын жасаған Сақтандырушыға беруге;

- 3) келген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және Сақтандырушы және (немесе) тәуелсіз сарапшы жасаған сақтандыру төлемдерінің мөлшерінің есептемесімен танысуға;
- 4) Сақтандыру шартымен белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде сақтандыру төлемін алуға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы немесе оның мөлшерінің азайтуы туралы шешімімен келіспеуге;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

10.1. Сақтандыру жағдайы және/немесе сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соқтыратын және/немесе оған зиянды қайтару туралы кінәрат қою үшін себеп болуы мүмкін оқиғалар басталған кезде Сақтанушы міндетті:

- 1) сақтандыру жағдайынан келетін залалдарды азайту үшін барлық мүмкін болған шараларды қолдануға;
- 2) Сақтандырушыға ол жөнінде шұғыл түрде, бірақ 3 жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабарлауға. Егер белгіленген мерзімдерде Сақтанушының дәлелді себептермен сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлау мүмкіндігі болмаған жағдайда ол себептерді құжаттармен растауы тиіс;
- 3) болған жағдай туралы шұғыл хабарлауға және оны өзіне кінәрат қою үшін себеп болуы мүмкін оқиғаны қарауға құзыретті құзырлы органдар мен ұйымдарға (ішкі істер органдары, өрт сөндіру қызметтері, ТЖ бойынша органдар және ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа да құзырлы органдар мен ұйымдар) құжаттармен тіркеуге;
- 4) Сақтандырушының өкіліне жәбірленушілерді, бүлінген мүлікті қарауға немесе зерттеуге, залалдың себептері мен мөлшеріне қатысты зерттеу жүргізуге, залалды азайту іс-шараларына қатысуға мүмкіндік беруге;
- 5) Сақтандырушының жазбаша келісімін алмайынша бүлінген мүлікке қалпына келтіру жұмыстарын жүргізбеуге;
- 6) құтқару жұмыстарын ұйымдастыру, сондай-ақ залалды азайту мақсатындағы әрекеттерді қоспағанда, Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған әрекеттерді жасамауға, сондай-ақ қандай да бір міндеттемелер алмауға, қандай да бір ұсыныстарды танымауға және қабылдамауға, Сақтандырушының жазбаша келісімін алмайынша төлемдер жасамауға және қандай да бір төлемдерді жасауға уәде бермеуге;
- 7) кінәраттарды сотқа дейін немесе сот тәртібінде реттеу кезінде Сақтанушының өкілеттігін Сақтандырушыға (Сақтандырушының талабы бойынша) беруге;
- 8) Залалдың туындау жағдайын көрсетіп, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгіленген формадағы жазбаша өтінішін, сондай-ақ Сақтандырушы талап еткен, сақтандыру оқиғасының себептерін анықтау үшін және залалдың мөлшерін анықтау үшін қажет құжаттарды беруге.

10.2. Сақтандыру шартында Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттері қарастырылуы мүмкін.

11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

11.1. Келесі құжаттар сақтандыру жағдайының басталғанын және залалдардың мөлшерін растайтын құжаттар болуы мүмкін:

- 1) Сақтандыру шарты;
- 2) сақтандыру төлеміне өтініш;
- 3) басталған оқиғаға байланысты Сақтанушыға қойылатын кінәраттар, талап-арыздар;
- 4) үшінші тұлғаларға және қоршаған ортаға зиян келуіне әкеп соқтырған сақтандыру жағдайының себептері мен болжалды салдарын қамтитын сараптама акті (халықаралық тәжірибеде – апат сертификаты);
- 5) Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушының жауапкершілігі көлеміне енетін сақтандыру жағдайының басталуына байланысты өтелуі тиіс соманың мөлшері қамтылған сот шешімінің көшірмесі;
- 6) Сақтанушының мамандары жасаған залалдардың есептемесі;
- 7) құзырлы органдар мен ұйымдардың сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттар және сақтандыру жағдайына, оның себептеріне, залалдың мөлшеріне қатысты өзге құжаттар (экологиялық қызметтердің актілері, мемлекеттік және ведомстволық комиссиялардың қорытындылары, залал сомасының негіздемесі, анықтамалар, шоттар және т.с.с.);
- 8) жазатайым оқиғаның салдарынан еңбек ету қабілеттілігінен уақытша айырылған кезде – белгіленген формадағы еңбекке жарамсыздық парағы және жәбірленуші тұлғаны куәландыратын, мемлекеттік деректер қорымен/БСДҚ-мен салыстырып тексерілген немесе құжаттың түпнұсқасымен салыстырып тексерілген құжат;
- 9) мүгедектік басталған кезде – тиісті мемлекеттік органның мүгедектік тобын белгілеу туралы қорытындысы, жәбірленуші тұлғаны куәландыратын, мемлекеттік деректер қорымен/БСДҚ-мен салыстырып тексерілген немесе құжаттың түпнұсқасымен салыстырып тексерілген құжат;
- 10) қаза болған жағдайда – уәкілетті мемлекеттік орган берген қайтыс болу туралы куәлігінің көшірмесі, мұрагерлік құқықтың енгенін куәландыратын құжаттар, мұрагерді немесе Пайда алушыны куәландыратын, мемлекеттік деректер қорымен/БСДҚ-мен салыстырып тексерілген немесе құжаттың түпнұсқасымен салыстырып тексерілген құжат;
- 11) мүліктік залал келген жағдайда – залал сомасын растайтын құжаттар;
 - а) тәуелсіз сараптама комиссиясы (ұйымы) жасаған сақтандыру жағдайының басталғанын, себептерін және залалдың мөлшерін растайтын акті;
 - б) келтірген залал үшін жауапты тұлғаға Сақтандырушының кері талап қоюы үшін қажетті құжаттар;
 - в) Пайда алушының салық төлеушісін тіркеу туралы куәлік (көшірмесі);
 - г) банктік деректемелерін көрсетіп, сақтандыру төлемін аударғаны туралы өтініш.

11.2. Сақтандырушы жоғарыда көрсетілген құжаттар тізімін қысқартуға немесе егер сол құжаттардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактін анықтауға және залалдың мөлшерін айқындауға мүмкіндік бермесе, Сақтандырушының уәкілетті органы бекіткен Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесінде айтылған және Сақтандыру шартын жасаған/полисті рәсімдеген күні қолданыста болған және vis.kz сайтында жарияланған қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

11.3. Егер сақтандыру жағдайының факті бойынша қылмыстық үдеріс жүргізетін органдар (бұдан әрі – Органдар) қылмыстық іс жүргізу туралы мәселені қарастырған болса, Сақтандырушы Сақтанушыдан қылмыстық іс қозғау туралы, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы, қылмыстық істі тоқтата тұру немесе тоқтату туралы қаулыны сұратуға немесе органдарға өзі дербес сауалхат жіберуге құқылы. Егер сақтандыру жағдайының факті бойынша қылмыстық іс жүргізіп жатқан органдар (бұдан әрі – Органдар) тарапынан қылмыстық іс қозғау туралы мәселе қарастырылған болса, Сақтандырушы Сақтанушыдан қылмыстық іс қозғау туралы, немесе қылмыстық істі

қозғаудан бас тарту, қылмыстық істі уақытша тоқтату немесе тоқтату туралы қаулының көшірмесін сұратуға, немесе өзі дербес тиісті органдарға қажет сауалхат жіберуге құқылы.

11.4. Сонымен қатар, сақтандыру төлемін төлеу үшін қажетті құжаттардың бірі ретінде Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушының жауапкершілігі көлеміне енген сақтандыру жағдайының басталуына байланысты үшінші тұлғаларға келген залалды өтеуге Сақтанушыны міндеттейтін соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы қарастырылған.

11.5. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш берушіге қабылданған құжаттардың толық тізбесі мен оларды қабылдаған дата көрсетілген анықтама беруге міндетті.

11.6. Сақтанушы осы Ережеде қарастырылған құжаттарды бермеген жағдайда Сақтандырушы шұғыл түрде, бес жұмыс күнінен кешіктірмей, жетіспеген құжаттар туралы оған жазбаша хабарлауға міндетті.

11.7. Жоғарыда көрсетілген құжаттардың негізінде Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу туралы акті жасайды, ол актіге сақтандырушы, Сақтанушы және жәбірленуші қол қояды. Қажет жағдайларда актіге құзырлы органдардың қорытындылары қоса ұсынылады.

11.8. Сақтандырушы осы Ережеде көрсетілген оқиғалардың басталуы нәтижесінде келген нақты залалдарды анықтау үшін тәуелсіз сарапшыларды тартуға құқылы.

12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

12.1. Сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының зиянды төлеу туралы қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған мөлшерде есептеледі.

12.2. Талас болмаған және Сақтанушы үшінші тұлғалардың зиянды өтеу және оның мөлшері туралы талаптарын мойындаған, жәбірленушінің сақтандыру төлемін алуға құқығы және Сақтанушының оны өтеу міндеті болған, сақтандыру жағдайының, келген зиянның және оның мөлшерінің арасында себепті байланыстар болған жағдайда – қойылған талаптар қанағаттандырылады және Сақтандырушы сақтандыру төлемін соттан тыс тәртіпте төлейді.

12.3. Зиянның мөлшерін және сақтандыру төлемінің сомасын анықтауды Сақтандырушы құзырлы органдардың зиян келу факті және оның салдары туралы құжаттарының (жалпы еңбек ету қабілеттілігін жоғалту дәрежесін белгілейтін медициналық мекемелердің, мемлекеттік органдардың, әлеуметтік қамтамасыз ету органдарының және т.б.) негізінде, сондай-ақ анықтамаларды, шоттарды және төленген шығындарды растайтын өзге құжаттарды есепке ала отырып, жүзеге асырады.

12.4. Сақтандыру жағдайының басталу жайттары туралы талас болған жағдайда сақтандыру төлемі соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) негізінде жүзеге асырылады.

12.5. Сақтандыру төлемінің сомасына келесілер кіреді:

1) Жеке тұлғаның денсаулығына зиян келген немесе қайтыс болған жағдайда:

а) жарақат алуының немесе денсаулығына басқадай зақым келуінің нәтижесінде еңбек ету қабілеттілігінің тиісті дәрежесін жоғалтуының салдарынан сақтандыру жағдайы сәтінен бастап жазылып кеткенге немесе мүгедектік белгіленгенге дейін, бірақ 4 айдан аспайтын мерзімде жәбірленуші жоғалтқан еңбекақы.

б) денсаулығын қалпына келтіру үшін қажет қосымша шығындар (жақсартылған тамаққа, шипажайда-курортта емделуге, басқа адамдардың күтіміне, протездеуге, көлік шығындарына, ақылы медицина қызметтеріне кеткен шығындар және т.б.);

в) тікелей жерлеуге байланысты қажетті шығындар, бірақ жерлеу күніне 70 АЕК-тен аспайтын мөлшерде;

г) жағдайларды және Сақтанушының кінәсінің дәрежесін алдын ала анықтау бойынша мақсатты шығындар;

д) сақтандыру жағдайының нәтижесінде зиян келген тұлғалардың өмірін немесе мүлкін сақтап қалу бойынша немесе сақтандыру жағдайынан келген залалдарды азайту бойынша қажетті және мақсатты шығындар.

2) Жеке немесе заңды тұлғаға мүліктік зиян келген жағдайда:

- а) мүліктің толығымен жойылуынан анықталатын мүліктің жойылуынан немесе зақымдануынан келген тікелей нақты залал – тозуын шығарып тастағанда, оның нақты құнының мөлшерінде; ішінара зақымданған кезде – оның сақтандыру жағдайына дейін болған күйге келтіру бойынша қажетті шығындар мөлшерінде;
- б) егер ол оқиға сақтандыру жағдайы болып танылса, жағдайларды және Сақтанушының кінәсінің дәрежесін алдын ала анықтау бойынша мақсатты шығындар;
- в) егер ол оқиға сақтандыру жағдайы болып танылса, болжалданған сақтандыру жағдайы бойынша істерді сотта жүргізуге кеткен шығындар;
- г) сақтандыру жағдайының нәтижесінде зиян келген тұлғалардың өмірін және мүлкін сақтап қалу бойынша немесе сақтандыру жағдайынан келген залалды азайту бойынша қажетті және мақсатты шығындар.

12.6. Егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, сақтандыру төлемін төлеу немесе сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуын, оның басталу себептерін және сақтандыру төлемін алушының құқығын растайтын қажет құжаттардың соңғысын алған және тиісті сақтандыру актіні бекіткен сәттен бастап 10 (Он) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылдайды.

12.7. Сақтандырушы сақтандыру төлемін сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде төлейді.

12.8. Сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы қабылдағаннан кейін ол жөнінде Сақтанушыға жазбаша түрде, бас тартудың негізді себептерін көрсете отырып және Сақтанушының, Сақтандырылушының, Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы бар екені туралы хабарлайды.

12.9. Егер Сақтандыру шартында тікелей басқалай келісілмеген болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда ол жөнінде Сақтанушыға жазбаша түрде, Сақтанушы барлық қажет құжаттарды өткізген сәттен бастап 15 (Он бес) күнтізбелік күн ішінде, бас тартудың негізді себептерін көрсете отырып, хабарлайды.

12.10. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі нормаларының негізінде Сақтанушыға сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы, алайда, кез келген жағдайда моральдық зиян, жіберіп алған олжа, қандай да бір жанама түрдегі залалдар (айыппұлдар, өсімпұлдар және т.с.с.) сақтандыру арқылы өтелмейді.

12.11. Ақшалар Сақтандырушының банктік шотынан шығынға жазылған күн немесе жәбірленушінің қолма-қол ақшаларды Сақтандырушының кассасынан алған күн – сақтандыру төлемін төлеген күн болып саналады.

12.12. Егер бірнеше жәбірленушілерге/Пайда алушыларға зиян келген болса және залалдың жалпы мөлшері сақтандыру сомасынан асып кетсе, онда сақтандыру төлемі барлық жәбірленушіге келген залалдың жалпы мөлшеріне шаққанда әр жәбірленушіге келген мөлшерге тең етіп төленеді.

12.13. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының нәтижесінде өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян келтірілген тұлғаның пайдасына, сондай-ақ егер Сақтандыру шартында Сақтанушыға қосымша шығыстарды өтеу көзделген болса, онда Сақтанушыға төленеді.

12.14. Егер Сақтанушы келтірілген зиянды сот белгілеген мөлшерде өзі өтеген болса, онда сақтандыру төлемі жәбірленушіден/Пайда алушыдан Сақтанушыға кінәрат қоюдан лайықты түрде рәсімделген бас тарту туралы хатын және сақтандыру жағдайының басталғанын және залалдардың мөлшерін растайтын осы Сақтандыру ережесінде көрсетілген құжаттарды берген жағдайда Сақтанушыға төленеді.

12.15. Егер бірнеше жәбірленушіге/Пайда алушыларға келтірілген болса және залалдың жалпы мөлшері сақтандыру сомасынан асатын болса, онда сақтандыру төлемі барлық жәбірленушілерге келтірілген залалдың жалпы мөлшеріне шаққанда әр жәбірленушіге келген залалдың мөлшеріне тең сомада төленеді.

12.16. Үшінші тұлғалардың мүлкіне залал келген жағдайда Сақтандыру шартының талаптарына сай сақтандыру төлемінің сомасы көлемінде сақтандыру төлемін залалдың табиғи нысанымен ауыстыру қарастырылуы мүмкін.

12.17. Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде келтірілген залал үшін сақтандыру төлемі Сақтандыру шартының аяқталу мерзіміне қарамастан төленеді.

12.18. Уақытылы төленбеген сақтандыру төлемі үшін Сақтандырушы Сақтанушыға әр кешіктірілген күн үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (жалпы бөлімі) 353-бабында көзделген мөлшерде тұрақсыздық төлемін төлейді.

12.19. Сақтандыру төлемі келесі жағдайларда төленбейді:

- 1) егер Сақтанушының сақтандыру тәуекелінің дәрежесін анықтау үшін елеулі маңызы бар жағдайлар туралы қасақана бұрыс және жалған мәліметтерді бергені анықталса;
- 2) Сақтандырушы зиян келтірген кінәлі тұлғадан залалдың тиісті өтемін алған жағдайда;
- 3) егер Сақтанушы сақтандыру жағдайының басталғанын зерттеуге және залалдың мөлшерін анықтауға Сақтандырушыға кедергі жасаса;
- 4) Сақтанушы залал келтірген кінәлі тұлғаға кінәраттан немесе оған талап қоюды қамтамасыз ететін құқықтардан бас тартқан кезде, сондай-ақ Сақтанушы кері талап қою тәртібінде зиян келтірген тұлғадан өндіріп алуға болатын сомаға кері талап қою үшін қажет құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартқан кезде;
- 5) егер Сақтанушы сақтандыру жағдайы туралы жазбаша өтінішті Сақтандыру шартында белгіленген мерзімді бұзып берген болса;
- 6) Сақтандыру шартының шарттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелерін сақтамау Сақтанушыға сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға әкеп соқтырады. Сақтандырушыны Сақтанушыға сақтандыру төлемін төлеуден босату – бір уақытта Сақтандырушыны Пайда алушыға да сақтандыру төлемін төлеуден босатады. Жәбірленушіге/Пайда алушыға зиянды өтеу жауапкершілігі мұндай жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте толығымен зиян келтірген тұлғаға жүктеледі.

13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

13.1. Сақтандыру шарты келесідей жағдайларды тоқтатылады:

- 1) Сақтандыру шартының қолданыс мерзімінің аяқталуына байланысты;
- 2) сақтандыру төлемін сақтандыру сомасы мөлшерінде төлеген жағдайда;
- 3) сақтандыру тәуекелінің дәрежесі артқан жағдайда сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге және/немесе қосымша сыйлықақы төлеуге келіспеген жағдайда;
- 4) сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді кешіктірген жағдайда.

13.2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздемелерінен басқа, Сақтандыру шарты төмендегідей жағдайларды мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) сақтандыру объектісі жойылған жағдайда;
- 2) сақтанушы мүлдіктік сақтандыру объектісін адалаған жағдайда, егер сақтандырушы сақтанушыны ауыстыруға қарсы болса, ал Сақтандыру шартында басқа шарттар көзделмеген болса;
- 3) сақтандыру жағдайының басталу ықтималы жойылған болса және сақтандыру жағдайынан басқа жағдаяттар бойынша сақтандыру тәуекелі тоқтаған болса;
- 4) сақтандырушыны мәжбүрлі тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда.

13.3. Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіздеме ретінде қарастырылған жағдаяттар туындаған сәттен бастап Сақтандыру шарты тоқтатылған болып саналады және ол жөнінде мүдделі Тарап шұғыл түрде екінші Тарапқа хабарлайды.

13.4. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтанушының, Сақтандырылушының Сақтандыру шартының талаптарын орындамауына байланысты Сақтандырушының талабы бойынша Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде бұрын төленген сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) қайтарылмайды.

13.5. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Сақтандырушы келесілерге құқылы:

- 1) өзінің шығындарының өтелуіне, оған сақтанушыларды тартуға кеткен шығындарды қоса, сақтандыру сыйлықақысы сомасының 25%-ы мөлшерінде;
- 2) сақтандыру қорғанысының қолданыс уақытына тең мөлшердегі сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне.

13.6. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, егер бас тарту 13.1. тармақта көрсетілген жағдаяттарға байланысты болмаса, сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары сақтанушыға қайтарылмайды.

13.7. Сақтанушы – жеке тұлға Сақтандыру шартын жасаған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде одан бас тартқан жағдайда Сақтандырушы алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең мөлшерде сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының 10%-ын құрайтын Сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып, Сақтанушыға-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.

13.8. Сақтанушы-жеке тұлға қарыз шартына байланысты оның (қарыз алушының) қарыз шарты бойынша қарыз берушінің алдындағы міндеттемелерін орындауына байланысты Сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, Сақтандырушы алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын), сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең мөлшерде сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының 10 (он) пайызын құрайтын Сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып, Сақтанушыға-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.

13.9. Егер Сақтандыру шарты Тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса, онда сақтанушы осы Ереженің 13.5. тармағының талаптарын ескере отырып, келесідей мөлшерлерде сақтандыру сыйлықақысының бөлігін қайтарып алуға құқылы:

Сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқанға дейінгі мерзім	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен)
15 күнге дейін	15,0
16 күннен 1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0

9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

13.10. Сақтанушы Сақтандыру шартын ықтимал бұзу күнінен 30 (Отыз) күнтізбелік күн бұрын міндетті түрде Сақтандырушыға хабарлап, сондай шешімнің себептерін көрсете отырып, кез-келген уақытта Сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.

13.11. Егер Сақтандыру шарты оны жаңа мерзімге қайта жасау арқылы мерзімінен бұрын бұзылып жатса, Сақтандырушы өзіне келген шығындарды есепке ала отырып, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеуге және бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының қалдығын жаңа Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының есебіне жазуға құқылы. Бұл ретте, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сома қалдығын шегере отырып, төлейді.

13.12. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін Сақтандыру шартын бұзудың басқа негіздемелері мен шарттары да қарастырылуы мүмкін.

13.13. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзудың барлық жағдайларында Сақтанушы қолданысы Сақтанушының Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша өтініші келіп түскен және/немесе Сақтанушы (Сақтандырылушы) заңнамада және осы Ережеде көзделген өз міндеттерін орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған сәттен бастап тоқтатылатын Сақтандыру шартын (полисті) Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

14. САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

14.1. Осы Ережеде тікелей реттелмеген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.

14.2. Ерікті сақтандыру шартын іске асыру барысында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешеді. Егер келіссөздер нәтижелі болмаса, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте, Сақтандырушы орналасқан жер бойынша Шарттық соттылыққа сәйкес шешіледі.

15. ҚОСЫМША ШАРТТАР

15.1. Сақтандыру шарттарының ережелерін өзгерту немесе Сақтандыру шартына толықтырулар енгізу Сақтанушы мен Сақтандырушының өзара келісімі бойынша енгізіледі. Сақтандыру шартында өзгертулер енгізу үшін Пайда алушының міндетті түрде келісімін алу қажеттілігі де қарастырылуы мүмкін. Сақтандыру шартына енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, қосымша келісім арқылы рәсімделеді. Егер келісімде басқалай айтылмаған болса, өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген Сақтандыру шарты екі Тарап та қосымша келісімге қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

15.2. Сақтандырушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы мен Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы арасында сәйкессіздіктер болған жағдайда Тараптардың келісімімен Сақтандырушы Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясын қабылдауға құқылы.

15.3. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар келесідей жағдайларда енгізіледі:

- 1) Сақтанушыны, Сақтандырылушыны, Пайда алушыны, сақтандыр объектісін ауыстырған кезде;
- 2) сақтандыру тәуекелінің дәрежесін өзгерткен кезде;

3) Сақтандыру шарты бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттерін өзгерткен кезде;

4) сақтандыру талаптары мен Сақтандыру шартының ережелерін өзгерткен кезде.

15.4. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу арқылы Сақтанушы келесілерді растайды:

1) Сақтандырушының уәкілетті органы әзірлеген және бекіткен, сақтандыру шартын жасаған/сақтандыру полисін электрондық түрде рәсімдеген күні қолданыста болған және vis.kz сайтында жарияланған Сақтандыру ережесімен өзінің келіскенін және танысқанын.

2) Ол жүзеге асырып жатқан операция қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастырумен (жылыстатумен) және террористік қызметті қаржыландырумен, жаппай қыру қаруын таратумен және оны қаржыландырумен байланысты емес екенін.

3) Қазақстан Республикасының №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес Сақтанушының, Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына, өңдеуіне, сақтауына және беруіне өз келісім бергенін, сондай-ақ Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісім бергенін:

а) Сақтандырушының «Мемлекеттік кредиттік бюро» Акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – Бюро) деректерді алуға;

б) мемлекеттік деректер қоры иелерінің Бюроға Сақтанушы (сақтандырылушы, Пайда алушы) туралы ақпаратты тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;

в) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет атқаратын заңды тұлғаға Сақтанушы, Сақтандырылушы (Пайда алушы) туралы өзінде бар және келешекте келіп түсетін ақпаратты Бюроға және Бюро арқылы Сақтандырушыға беруге;

г) дербес деректерді шекара асырып беруге және дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге;

д) Сақтандырушының қызмет мақсатын жалпы іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтандырушының сақтандыру құпиясын ашуына.

15.5. Сақтандырушы дербес деректерді сақтау мерзімін келешекте дербес деректерді сақтаудың қажеттілігі қалмағанша белгілейді. Дербес деректер Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарттың/Полистің және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушының жалпы қызмет мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланылады.

15.6. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) жазбаша келісімін, оның ішінде Ереженің 15.4. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімін талап етуге міндетті.

15.7. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімінің, оның ішінде Ереженің 15.4. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімінің болмағаны үшін жауапты болады.

15.8. Қажет жағдайда Сақтанушы ҚР қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар жөніндегі заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Сақтандырушы сұратқан барлық қажет құжаттарды беруге міндеттенеді.

15.9. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқалай белгіленбеген болса, бұл Ережеге өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, өзгертулер мен толықтыруларды міндетті түрде Сақтандырушының Директорлар кеңесінің бекітуімен енгізіледі.

Сілтеме. 2022 жылғы 12 шілдедегі № 138-VII «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен

 сақтандыру компаниясы ВИКТОРИЯ страховая компания	«Виктория» СК» АҚ Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	24 беттен 24-ші бет
--	--	--	---------------------

дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-ІІ «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес (2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді) Қағидаларына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген (1.2, 6.5, 6.7 тармақтарға, 9.1 тармағының 2), 5), 6) тармақшаларға, 9.4 тармаққа, 9.5 тармағының 2), 6) тармақшаларға, 10.1 тармағының 6) тармақшаға, 11.1, 11.2, 12.6-12.10, 13.7, 15.4-15.8 тармақтарға).